



Қазақстан Республикасында мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізу тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі 2001 ж.

Тұжырымдаманың паспорты

Атауы. Қазақстан Республикасында мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізудің т ұ ж ы р ы м д а м а с ы

Әзірлеуге негіздеме. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 20-5/1 тапсырмасы

Үйлестірушісі. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Негізгі әзірлеушілер. Президент Әкімшілігінің Қоғамдық-саяси, Мемлекеттік-құқық, Ұйымдастыру-бақылау бөлімдері, Қауіпсіздік Кеңесінің Талдау орталығы, Мемлекеттік хатшының Хатшылығы, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы қалалары әкімдерінің аппараттары Іске асыру мерзімі. 2001-2005 жж.

Қаржыландыру көздері. Республикалық және жергілікті бюджет қаржысы, демеуші ұйымдардың ресурстары

1. Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мерекелердің мынадай жүйесі белгіленген: "Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 заң күші бар Жарлығына сәйкес жалпыхалықтық мерекелер: ұлттық мереке - Республика күні - 25 қазан, мереке күндері: Жаңа жыл - 1-2 қаңтар, Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз, Наурыз мейрамы - 22 наурыз, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі - 1 мамыр, Жеңіс күні - 9 мамыр, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні - 30 тамыз, Тәуелсіздік күні - 16 желтоқсан.

"Қазақстан Республикасындағы кәсіптік мерекелер мен атаулы күндер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына сәйкес кәсіби мерекелер мен атаулы күндер. Отан қорғаушылар күні - 7 мамыр, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні - 31 мамыр, Баспасөз күні - 28 маусым, Спорт күні - 13 тамыз, Білім күні - 1 қыркүйек, Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні - 22 қыркүйек, Ұлттық валюта - теңге күні - 15 қараша.

Атаулы және мерейтой даталары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына

с ә й к е с

б е л г і л е н г е н .

Қоғамда сол сияқты бейресми мерекелер де аталып жүр (діни, аймақтық, ұлттық мәдени және т. б.).

Олардың ішінен өзінің ауқымдылығы да, мазмұны да бойынша неғұрлым елеулілері "Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 заң күші бар Жарлығымен бекітілген ұлттық мерекелер мен мерекелік күндер болып табылады. Алайда, практика көрсетіп отырғандай, олардың басым көпшілігі нақты мазмұнға ие болмай, қоғамдық санада өзінің тиісті орнын алмаған. Әсіресе бұл республиканың егеменді даму жылдары пайда болған мерекелерге тән. Адамдар кейде олардың нақты күнін де, немен байланысты екенін де және бір-бірінен қандай айырмашылығы бар екенін де білмейді. Халық мерекелерді тек қосымша демалыс күнімен ғана байланыстырады. Мұның үстіне, олардың атүстілігі мен даңғазалығы қоғамда орынды наразылық тудырады, ал оның бір ұшығы билік институттарына және тұтастай алғанда мемлекетке келіп тиеді. Ерекшелік ретінде Жаңа жыл мен Халықаралық әйелдер күнін ғана атауға болады, мұның өзі олардың бейсаясаттылығымен, бүкіл халықтың жаппай қатысуымен, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын тұрақты дәстүрлермен байланысты екені белгілі.

Қалыптасқан ахуалдың себебі мерекелердің идеологиялық мазмұны мен өткізу нысанының көбіне бүгінгі күннің болмысына сай келмейтіндігінде. Айқын идеологияның жоқтығы мерекелерді ұйымдастырудың қазіргі заманғы нысандарының жетіспеушілігіне және олардың ақпараттық-идеологиялық қамтылуының әлсіздігіне әкеп соғады. Сонымен бірге қоғам өзінің азаматтық тұтастығын, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақтастық сезімін нығайтуға өте мұқтаж.

Мерекелер халықтың рухани-мәдени топтасуын, өскелең ұрпақтың қоғамдануын, рухани және адамгершілік-имандылық құндылықтарды өрістету мен ұластыруды қамтамасыз ететін ұлттың идеялық топтасуының қуатты факторы екенін, қазіргі болмысты және мемлекеттің стратегиялық даму басымдықтарын ескере отырып, жалпымемлекеттік мерекелерге дайындық пен оларды өткізудің күллі жүйесін тұжырымдамалық деңгейде қайта қараған жөн.

2. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Осы Тұжырымдаманы әзірлеу мен іске асырудың мақсаты республиканың қазіргі заманғы болмысын, күллі қоғам мен жеке алғанда әрбір азамат үшін мән-маңызы бар құндылықтарды бейнелейтін әрі әлемдік қоғамдастыққа мәдени кірігуді қамтамасыз ететін мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізудің бірыңғай жүйесін құру болып табылады.

Тұжырымдамаға қойылған мақсатқа сәйкес мынадай түбірлі міндеттерді шешу көзделеді:

Қазақстан Республикасында мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізудің бірыңғай қағидаттарын әзірлеу;
мереке күндерінің мазмұны мен өткізу нысанын оңтайландыру;
қазіргі заманғы РК-технологиялары негізінде мерекелерді ақпараттық-насихаттық қамтамасыз етудің нысандары мен әдістерін әзірлеу;
мерекелерді материалдық-техникалық және қаржылай-бюджеттік қамтамасыз ету схемасын айқындау.

3. Мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізудің негізгі қағидаттары

Әлемдік практика көрсетіп отырғандай, ұлттық мереке мәртебесі мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:

ұлтына және дініне қарамастан, қоғамның барлық мүшелері қолдайтын құндылықтар мен бағдарларға ерекше мән беретін жалпыұлттық сипаты;
осы этномәдени бірлікте қалыптасқан мерекенің тарихи себептілігі;
осы мерекенің пайда болуын және ресми салтанатты мәжілістердің тиісті өрісін айқындаған уақиғаның жалпыұлттық ауқымы;

мемлекеттің тарихи дамуының шынайы ерекшелігін көрсетуі;
мерекелерге жалпыұлттық сипат беру үшін халықтың барлық әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және басқа да топтарының мүдделерін ескеруі;
ұлттық мереке мәртебесінің заңды ресімделуі.

Әлем елдерінің көпшілігінде ұлттық мерекелердің мынадай функциялар атқаратыны белгілі:

жалпыұлттық сананы, жалпыұлттық мұраттар жүйесі мен ұлттың өмір сүру салтын қалыптастыруға, сондай-ақ қоғамның жалпыадамзаттық, либералдық-демократиялық құндылықтар негізінде топтасуына жәрдемдеседі;

қоғамның өзіндік мәдени бірлік ретінде біріздендірілу процесіне мүмкіндік туғызады;

қоғамның әлемдік мәдени кеңістікке кірігуіне мүмкіндік жасайды.

Қазақстанның тарихи даму кезеңінің ерекшелігін ескере отырып, мерекелер мынадай принциптерге сай келуге тиіс:

Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға;
қоғамның топтасуына, ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуге;

қоғамның демократиялануына және ымырашылдығына;
қоғамда қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай туғызуға, әлеуметтік серіктестік қарым-қатынастарын қалыптастыруға;
әлемдік қоғамдастықта Қазақстанның оң бет-бейнесін нығайтуға, оның әлемдік

экономикалық кеңістікке кірігуіне;

қоғамды "Қазақстан-2030" Стратегиясының міндеттерін орындауға жұмылдыру.

"Ұлттық" терминінің мағынасы мерекенің қоғам үшін ерекшелігін бейнелеп қана қоймайды, ол қоғамдық даму мұқтаждары мен құндылықтарына сай келеді және қоғамды осы дамудың міндеттерін іске асыруға жұмылдыруға ықпал етеді деп т ұ ж ы р ы м д а у ғ а б о л а д ы .

Мереке (мереке күні) ұлттық мерекеден өзгеше, жоғарыда аталған өлшемдердің кейбіріне ғана сай келіп, жекелеген функцияларды ғана атқара алады. Оның тарихи дамудың нақты кезеңі үшін өзекті, мазмұны қоғам өмірінің өткінші, неғұрлым субъективті жақтарымен байланысты қосымша өзіндік белгілері мен ерекшеліктері б о л у ы м ү м к і н .

Атаулы күн белгіленген өлшемдер мен функциялардың көбіне сәйкес келе отырып, қоғамның мүшелерінің басым көпшілігі үшін өзекті болады. Бірақ мереке мәнінің ерекшелігіне қарай не мерекеге тән белгілері жоққа тән, не өзі қалыптасу және даму процесін бастан кешу үстіндегі және де ықтималында ғана мерекеге айналар атаулы күн сөзсіз мереке болып танылмайды. Сонымен, атаулы күн мереке мәртебесіне (белгілеріне) жалаң сәйкес келгенімен объективті себептермен осы деңгейдің м а з м ұ н д ы қ ә л е у е т і н е и е е м е с .

Кәсіби мереке де жекелеген өлшемдерге сәйкес келіп, жоғарыда аталған кейбір функцияларды кәсіптің сипаты мен ерекшелігі арқылы айқындалатын неғұрлым шағын әлеуметтік топта ғана атқара алады. Бұл мерекелерді дайындау мен өткізу осы Тұжырымдаманың талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Бейресми (діни) мереке осы Тұжырымдаманың өлшемдері мен міндеттеріне толық жауап бермеуі мүмкін, бірақ ол оларға қайшы келмеуге тиіс.

Барлық аталған мерекелер санаттары жоғарыда көрсетілген принциптерге сай б о л у ғ а т и і с .

Осы орайда мерекелердің жаңа құрылымын олардың сатылылығы мен типологиясын мынадай басым бағыттар шеңберінде айқындаған жөн:

ж ү й е л і с и п а т т ы :

ұлттық мереке мәртебесін Тәуелсіздік күніне және Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне беру ұсынылады. Тәуелсіздікке 10 жыл толу жылында Тәуелсіздік күніне ұлттық мереке мәртебесін беру және мұны Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Жарлығымен бекіту қисынды болар еді. Мұндай қадам мерекелік салтанатқа ерекше салмақ пен мәнділік береді;

Қазақстан халықтары Ассамблеясының қоғамдық-саяси рөлінің жоғарылауына, жаңа дәуір жағдайында азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сақтау мәселелерінің зор өзектілігіне және реформалардың жалғасуына байланысты Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне ұлттық мәртебе берген жөн. Осы қадам мемлекеттің жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтарды, азаматтық қоғам мұраттарына

бейілділігін

көрсетеді;

1989 жылғы 22 қыркүйектегі "Қазақ КСР-індегі Тілдер туралы заңының" қабылдануына негізделген Қазақстан халықтарының тілдері күнін Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесінің құрамды бір бөлігі ретінде өткізген жөн;

Республика күні мерекесіне оны өткізу мерзімі мен идеологиясын өзгеріссіз қалдыра отырып, мереке күні мәртебесін берген жөн;

мазмұндық сипатты:

Мерекелердің идеологиялық мазмұнын жаңарту (толығырақ "Қазақстан Республикасында мереке күндерін дайындау мен өткізу стратегиясы" атты 4-бөлімді қараңыз);

ұйымдық сипатты:

әрбір мереке салтанатын іске асыру жөніндегі шаралар республикалық, аймақтық және жеке-азаматтық деңгейде өтуге тиіс. Оларды өткізу мереке күні өтетін салтанатты мәжілістермен шектелмейді. Мереке қарсаңындағы жұмыс күндері мереке алдындағы күндер болып табылады және мереке алдындағы соңғы күннің жұмыс уақыты бір сағатқа қысқарады деп белгіленсін. Бұл күні кәсіпорындар мен мекемелерде мерекенің тақырыбына сәйкес ресми іс-шаралар мен салтанатты мәжілістер өткізуді, сыйақылармен, бағалы сыйлықтармен марапаттауды, алғыс жариялауды практикаға енгізу қажет. Мереке қарсаңында жәрмеңкелер өткізуді; табысы төмен және әлеуметтік қорғансыз топтар үшін медициналық қызмет көрсету, қоғамдық көлікте жүру жөнінде жеңілдіктерді; шығармашылық ұжымдардың, дәрігерлердің, заңгерлердің алыс және қатынас қиын аудандарға баруын көздеген жөн;

барлық мектепке дейінгі, орта, жоғары білім беру мекемелерінде, тәрбие беру мекемелерінде Қазақстан Республикасының алдағы мерекесінің тарихына, мазмұнына және идеологиясына арнап мереке қарсаңындағы күндері дәріс өткізу;

іс-шараларды өткізілетін мерзімдері бойынша бір-бірімен қабаттаспайтындай етіп, кезең-кезеңмен өткізу қажет. Аймақтық іс-шаралар жалпы республикалық іс-шараларды тұтастай қайталамай, оларды толықтыра түсіп, мазмұнын жергілікті деңгейде ашуға тиіс;

олардың артық саясатшылдығынан, қасаңдығынан, әсіре ресмилігі мен даңғазалығынан көрініс табатын мерекелерді өткізу нысандарының идеяшылдығын, оларды неғұрлым демократияландыру, адамдарға жуықтату жағына қарай азайту қажет ;

мерекелердің нышандары мен эмблемаларын жоғары көркемдік деңгейде ғылым және өнер қайраткерлері ішінен сарапшыларды тарта отырып, жасау қажет, авторлар және дизайнерлер мен суретшілер ұжымдары жұмыстарына республикалық деңгейде логотиптерді міндетті түрде бекіте отырып, конкурстық таңдаулар өткізу;

іс-шаралардың халықтың белгілі бір әлеуметтік жіктеріне айқын бағытталуы олардың тиімділігінің аса маңызды шарты болып табылады. Мерекелік салтанатта дені

басым, өздері үшін (соғыс және еңбек ардагерлері, балалар, әйелдер және т.б.) осы мереке мейлінше маңызды әлеуметтік топты айқындау және оған бірқатар іс-шараларды атаулы түрде арнау қажет;

негізгі назарды практикалық істерге аудару (халықтың табысы төмен топтарына атаулы материалдық қолдау көрсету; нақты әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бұқаралық шаралар және т.б.);

мерекелерді дайындау мен өткізу процесіне халықтың жаппай тартылуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

мерекелерді коммерциялық тұрғыда тиімді немесе, ең болмағанда, өзін-өзі өтейтін мерекелерге айналдыру мүмкіндігін қарастыру. Мысалы, туристер тарту есебінен.

Тұжырымдаманың тиімділігін арттыру мақсатында оны екі бағытта: осы Тұжырымдаманың іске асырылуын мемлекеттік саясаттың басқа бағыттарымен үйлестіруге және байланыстыруға мүмкіндік беретін ұйымдық бағытта; өзгермелі қоғамдық-саяси жағдайларға сәйкес дер кезінде Тұжырымдамаға түзету енгізіп отыруға мүмкіндік беретін ақпараттық-талдау бағытында жүзеге асырған жөн.

4. Қазақстан Республикасында мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізудің стратегиясы

ЖАҢА ЖЫЛ

"Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 Жарлығымен 1 және 2 қаңтар мереке күндері б о л ы п ж а р и я л а н ғ а н .

Жаңа жыл григориан жыл санауды қабылдаған мемлекеттерде дәстүрлі аталып өтіледі. Ресейде бұл мерекені І Петр 1700 жылы Жаңа жылды тойлауды "басқа еуропа халықтарымен келісімге" келтіру мақсатында енгізді. Соңғы ғасырда мереке зайырлы с и п а т қ а и е б о л д ы .

КСРО пайда болғаннан кейін мемлекеттік мереке ретінде Одақтың бүкіл аумағында және Еуропаның көптеген социалистік елдеріне тарады. Еуропа, Америка және Австралия елдерінде рождество мерекелерінің үлкен мәні бар, Шығыс және Азия елдерінде Жаңа жыл ай немесе күн күнтізбелері бойынша аталып өтіледі және әр түрлі а й л а р ғ а с ә й к е с к е л е д і .

1-2 қаңтарда сол сияқты басқа да халықаралық және ұлттық мерекелер атап өтіледі: Дүниежүзілік бейбітшілік күні (VI Павел папа енгізген, 1968 жылдан бері аталып өтіледі), Тәуелсіздік күні (Гаити Республикасы, Судан Республикасы), Азаттық алу күні (Куба Республикасы) және т.б.

Қазақстанда Жаңа жыл 1-2 қаңтарда атап өтіледі және халықтың ең сүйікті

мерекелерінің бірі болып табылады.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда осы мерекеге тән мынадай негізгі белгілерді атап өтуге болады:

мерекемен өткен кезеңнің қоғам қызметінің барлық саласындағы қорытындысы және жаңа міндеттер мен мақсаттардың мемлекет ауқымында да, сондай-ақ жеке алғанда, отбасы мен әрбір адам деңгейінде де іске асырылуының басталуы байланыстырылады;

Жаңа жыл ең бұқаралық мерекелердің бірі болып табылады. Осы кезеңде қатысушылар санының көптігіне арналған іс-шаралардың елеулі бөлігі өткізіледі (балалар мерекелері, жастар балы және т.б.). Сонымен бірге Жаңа жыл отбасы мерекелерінің санатына жатады.

Сөйтіп, Жаңа жыл мерекесі ұлты мен дініне қарамастан, барлық адамның өміріндегі маңызды оқиға болып табылады. Онда жалпыадамзаттық, демократиялық құндылықтар түрінде топтастыру әлеуеті бар. Бұл орайда ол қайырымдылыққа, халықтың табысы төмен топтарына, балаларға, мүгедектерге мемлекеттік қамқорлық көрсету үшін зор мүмкіндіктер туғызады.

Мерекенің мақсаты мен міндеттері

Мерекенің мақсаты - қоғамда әлеуметтік сенімділік сезімін қалыптастыру, қоғамды имандылық, қоғамдық келісім және қазақстандық отансүйгіш идеялары төңірегінде топтастыру.

Міндеттер

Жалпыдемократиялық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген қоғамды топтастыру.

Халықтың әлеуметтік қорғансыз топтарына атаулы көмек көрсету, қайырымдылық пен демеушілік институтын қалыптастыру.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мерекені халықты спорттың қысқы түрлерімен шұғылдануға тарту үшін пайдалану.

Мемлекеттің өткен жылдағы оң жетістіктерін насихаттауға және жаңа жылда көзделген мақсаттарды түсіндіруге бағытталған мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау.

Қоғамда жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген дәстүрлерді одан әрі қалыптастыру.

Отбасының бос уақытын ұйымдастыру, отандық жаңа жылдық ойын-сауық телерадио бағдарламаларын жасау.

Жаңа жылды тойлаудың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу мынадай негізгі бағыттарда жүзеге асырылуға тиіс: ақпараттық-насихаттық; мәдени-бұқаралық; атаулы қайырымдылық көмек көрсету және мемлекеттік, аймақтық және жергілікті деңгейде атап өтуге тиіс.

Жаңа жылдық мерекенің эмблемасы мен нышаны алдымен отбасылық

құндылықтарды, мейірімділікті, Жаңа жылда жаңа жетістіктерге қол жеткізу сенімін бейнелеуге тиіс. Нышандар жасаудың көп жылғы тәжірибесі бар, сондықтан аймақтарға негізгі тақырыпты дербес әзірлеуге мүмкіндік беріп, тек саяси сәттерді бейнелейтін жетекші тақырыптарды айқындаған жөн.

Мереке эмблемасының бейнеленуі адамдарды қуантатындай, ашық, үйлесімді, көзге жылы болуға тиіс. Әрбір үйде тұратын мереке эмблемасы бар бұйымдар (шарлар, жапсырмалар, ойыншықтар және т.б.) жасау үшін эмблеманы жобалау мереке басталғанға дейін аяқталуға тиіс. Эмблемамен бірге 12 жылдық циклды негізге ала отырып, ұлттық бояумен мерекелік бойтұмарды жасаған жөн.

Жаңа жылдың түр-түс үйлесімі көк түстің спектріне (ақшыл-көгілдір, көгілдір, көк, кара көк) және қызыл түске - от түсіне негізделіп ақ сұр түсте жасалуға тиіс.

Мерекелік идеялық көркемдік тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы Президентінің күллі мемлекеттік электрондық БАҚ бойынша өтіп бара жатқан жылдың соңғы минуттарында берілетін жыл сайынғы құттықтауы. Құттықтаудың негізгі идеясы - өткен жылдың негізгі қорытындыларын көрсету және мемлекет дамуының алдағы жылдағы басым бағыттарын жария ету.

Президенттің Жаңа жыл қарсаңындағы сөз сөйлеуі қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастырудың ең әсерлі компоненттерінің бірі болып табылады, халық оны мемлекеттің саяси тұрақтылығының белгісі ретінде қабылдайды. Президент сөз сөйлеген сәтінде өзінің Мемлекет басшысы, оның жоғары лауазымды тұлғасы, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің нышаны әрі кепілі (Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабы) ретіндегі міндеттерін неғұрлым айқын іске асырады.

Жаңа жылдық іс-шараларды ел басшылығының қатысуымен ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі жұмыс маңыздылығы бойынша келесі бағыт болып табылады.

Президенттің жаңа жылдық шыршасы

Президенттің жаңа жылдық шыршасы Қазақстанда 1991 жылдан бастап жетім балалар, мектеп-интернаттар тәрбиеленушілері, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мен табысы аз көпбалалы отбасы балалары үшін өткізіледі. Мерекенің мазмұны ағымдағы жылдың тақырыбымен айқындалады. Шырша жыл сайын Қазақстанның бір облыс орталығында өткізіледі. Мерекенің теледидарда көрсетілетін нұсқасы жасалады, оны "Хабар" компаниясы дәстүрлі түрде 1 қаңтарда беріп отырады. Бұл іс-шараның тәрбиелік мәнін едәуір кеңейтеді әрі оның дайындығына да талапты күшейтеді.

Алғашқы мерекені атап өткен күннен бері 10 жыл ішінде осындай іс-шараларды тиімді тәрбие құралы ретінде пайдалану жөнінде едәуір тәжірибе қалыптасқан.

Жыл сайын, соның ішінде жергілікті жаңа жылдық балалар мерекесі үшін: балалар үшін отансүйгіштік бағыттағы жаңа поэзиялық және музыкалық шығармаларды, әсіресе оларды мемлекеттік тілде жасау жөніндегі жұмысты жүргізу; мерекені балалар үшін әсерлі деңгейде, белгілі жас тобына түсінікті етіп

ұйымдастыруға мүмкіндік беретін сценарий материалының дайындалуын қамтамасыз е т у ;

осындай шыршатойды өткізудің сценарий жоспары осы іс-шараға шақырылған әрбір баланың белсенді қатысуы ескеріле отырып, қайта қаралуға және жаңалануға тиіс ;

мерекелерге дайындық жасау кезінде ағымдағы және жаңа жылдың тақырыбын е с к е р у ;

республикалық және аймақтық (облыстық, аудандық) мерекелер үшін сценарийлер жасаудың конкурстық тетігін қамтамасыз ету қажет.

Жаңа жылдық жастар балы 1994-1997 жылдары өткізілді. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев және оның отбасы қатысатын. Кездесуге жас ғалымдар, шығармашылық жастар, ең үздік спортшылар шақырылатын. Жаңа жылдық жастар балын өткізуді қайта жаңғырту мүмкіндігін қарастырған жөн.

Балалар үшін аймақтық деңгейде әкімдердің жаңа жылдық шыршалары өткізіледі. Соңғы кезде түрлі ұйымдардың халық үшін сан жағынан да едәуір көп, сапасы жағынан да жеткілікті жақсы, ақылы жаңа жылдық іс-шараларды өткізетінін ескере отырып, жергілікті органдар халықтың әлеуметтік қорғансыз топтары: жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектер, жалғызділікті зейнеткерлер және т.б. үшін қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға ерекше к ө н і л б ө л у і қ а ж е т .

Қалыптасқан ізгілік дәстүрлерін пайдалана отырып, жергілікті деңгейде халықтың ұйымдасқан топтарына жаңа жылдық мерекелерді, бұқаралық іс-шараларға қатыса алмай үйде қалатын мүгедек балалар үшін атаулы құттықтауларды (Аяз Ата мен Ақшақардың келуін), табысы аз азаматтар үшін қайырымдылық ас ұйымдастыруға болады. Осы жұмысқа қоғамдық институттарды және халықты кеңінен тарту қажет. Халықтың қайырымдылық ізгілік қызметке деген ұмтылысын қалыптастыру үшін БАҚ-тың белсенді және мақсатты бағытталған жұмысының маңызы зор.

Бұқаралық іс-шараларды үй-жайлардан тыс ұйымдастыру қажеттігіне көңіл бөлген жөн. Мұз қалашықтарының бүкіл жергілікті тұрғындар үшін қысқы ойын-сауық орталықтары ретінде қолжетімді болуы өздерін жақсы жағынан танытты.

Салауатты өмір салтын насихаттау үшін әуесқой аула командалары арасындағы спорттың қысқы түрлері бойынша жарыстар, өткен жылдан жаңа жылға өтудің бұқаралық эстафеталары (мысалы, 1999 жылдан 2000 жылға) және т.б. (осындай жарыстарды өткізу үшін жергілікті органдар мемлекеттік спорт бағдарламасына сәйкес қарапайым спорт құрылыстарын: хоккей алаңдары, шаңғы жолдарын, сырғанақтарды және т.б. салуы қажет) сияқты таза ауада өткізілетін бұқаралық іс-шаралардың м ү м к і н д і г і з о р .

Елді мекендердің қазіргі заманға сай безендірілуі де үлкен рөл атқарады. Қалыптасқан дәстүрлерден басқа (электрлі әшекейлерді, мұз бен қардан жасалған

мүсіндерді, ұрандарды және т.б. пайдалану), мынадай принциптер ескерілуге тиіс:
б е з е н д і р у д і ң қ а у і п с і з д і г і ;

безендірудің композициялық тұтастығы (дизайнерлік эзірлемелер жыл сайын Интернетте, арнайы және бұқаралық БАҚ-та беріледі);
ұрандар мазмұнының жаңа жыл тақырыбына сәйкестігі.

М е р е к е н і а қ п а р а т т ы қ - и д е о л о г и я л ы қ т ұ р ғ ы д а н қ о л д а у

БАҚ-та Жаңа жылды жария етуде республиканың дамуының өткен жылғы қорытындысына баса назар аударып, алдағы жылдың міндеттері мен болашағын ашу
қ а ж е т .

Қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттің оң бет-бейнесін жақсарту тусу маңызды болып табылады.

Жаңа жыл қазақстандықтардың санасында әлеуметтік сенімділікпен, қорғаны барын сезінумен, мемлекет пен оның экономикасының тұрақтылығын ғана емес, өзінің де отбасындағы орнықтылықты сезінумен байланысты болуға тиіс.

Насихаттау неғұрлым демократиялық тәсілдермен, бейресми түрде байыпты жүзеге асырылуға тиіс.

Қ а р ж ы ж әне р е с у р с т а р

Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржысын, салалар мен ведомстволар бойынша бөлінген қаржысын, демеушілік қаржысын, қайырымдылық қорлар қаржысын Жаңа жылды өткізудің материалдық ресурстары деп айқындаған жөн.

Еңбекшілерге, жалданып жұмыс істейтіндерге еңбекақыны толық төлеуге, сондай-ақ әртүрлі сыйлықақыларды төлеуге көңіл бөлу қажет.

Мемлекеттік республикалық комиссияны, аймақтық комиссияларды, Қазақстан халықтары ассамблеясын, қоғамдық ұйымдармен қозғалыстарды, саяси партияларды, ҒӨБ-ді, (ғылыми-өндірістік бірлестіктерді), ғылым және мәдениет қайраткерлерін, әртүрлі конфессияларды және т.б. жаңа жылдық салтанатты мәжілістерді өткізудің ұйымдық ресурстары деп санауға болады.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

Жаңа жылдық мерекелердің Тұжырымдамасын іске асырудың нәтижелері ретінде Қазақстан халқының достығы мен ынтымақтастығын нығайту, олардың болашақтағы айқын бағдарының болуы, реформаларды, демократияландыруды жүргізу, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа байланысты қоғамда әлеуметтік сенімділікті, жағдайдың одан әрі жақсарту беретініне сенімін қалыптастыру деп болжауға болады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні әйелдердің бейбітшілік, демократия үшін, әйелдердің экономикалық, әлеуметтік және саяси тең құқықтылығы үшін күрестегі

халықаралық ынтымақтастық күні ретінде пайда болып, тұңғыш рет 1911 жылы атап өтіледі.

Тарихи эволюция барысында әйелдердің қоғамдық санада ана, әйел, адамзаттың тамаша екінші жартысы ретінде салтанат құруымен ол бірте-бірте өзінің өткір саяси және төңкерісшіл мәнін жоғалта бастады. Мереке қоғамның бұқаралық санасында барған сайын неғұрлым азаматтық, бейбітшіл сипатқа ие болып келеді.

Қазақстанда бұл мереке демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру тұрғысында, сондай-ақ көпұлтты әрі көп конфессиялы қоғам болуына байланысты айрықша маңызға ие. Оның мазмұнында қоғамды әлеуметтік және азаматтық салада қуатты топтастыру факторы болуға қабілетті және жеке тұлғалық, этникалық, жалпымәдени әрі жалпыадамзаттық компоненттер (негіздер) тоғысқан. Ол дербес, отбасылық-топтық, жалпы мемлекеттік деңгейлерде атап өтіліп, күллі халықты жаңа жақты қамтиды.

Сонымен қатар оның демократиялық бағыттылығы мен атаулылығы Қазақстанның гендерлік болмыс негізінде дүниежүзілік қоғамдастыққа тереңірек кірігуіне мүмкіндік береді.

Аталмыш мерекенің атауы мен өткізу мерзімін өзгерту жөнсіз.

Тұжырымдама, оның мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнінің мазмұны қоғамды демократияландыру мен либерализациялау жөніндегі мемлекеттік саясат жүйесіндегі оның орны мен рөлін айқындайды.

Мерекенің мақсаты мен міндеттері

Мерекені өткізудің негізгі мақсаты қоғамдық өмірдегі әйелдердің даму үстіндегі әлеуметтік рөлін көрсету мен нығайту, саяси тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудегі оның қызметін жандандыру болып табылады. Сонымен қатар мынадай мақсаттарды бөліп айту керек:

әйелдердің азаматтық құқықтарын іске асыру негізінде қоғамдық келісімді, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту;

әйелдердің ана ретінде отбасындағы рөлін нығайту, қазақстандықтардың отбасыларында қолайлы психологиялық жағдай туғызу;

әйелдерге мемлекеттік қамқорлық саясатын қалыптастыру;

елде демографиялық ахуалды жақсарту;

өскелең ұрпақты ата-ананы құрметтеу, олар үшін жауапкершілік сезіміне баулу, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту;

салауатты өмір салтын қалыптастыру;

балаларды оқумен жаппай қамту үшін күресу.

Міндеттері

Әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық өмірге тең құқылы қатысуының көрсетілуін қамтамасыз ету.

Мемлекеттің еңбек нарығында, халықтың этникалық шашыраңқы топтары арасында

әйелдердің құқықтарын қорғауды, әйелдердің денсаулығын қорғауды, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа жол бермеуге бейілділігін қуаттау.

Табысы төмен отбасылар мен жалғыз басты аналарға атаулы көмек көрсету.

Қоғамда, әсіресе жастар арасында, әйелге құрмет сезімін қалыптастыру. Ана болу, неке, отбасы құндылықтары мен қуанышын насихаттау және қолдау.

Салауатты өмір салтын насихаттау.

Отбасының бойтұмардай сақтаушысы ретінде әйелдердің Қазақстан жерінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтаудағы рөлін аша түсу.

Тұтас алғанда эмблемасы мен нышандары

Мереке эмблемасы етіп, жергілікті жерлерде таралымын көбейту үшін оларды графикалық дизайн жолымен айшықтай отырып, Әйел-Ананы, сондай-ақ "8" цифрын бейнелейтін кескінді таңдау керек. Бұл үшін не бүкіл әлемге әйгілі көркем бейнені (картинаны, портретті, мүсінді), не ұлттық автордың Қазақстанның этникалық және тарихи ерекшеліктерін көрсететін сол тәрізді шығармасын таңдап алып, эмблеманың көркемдік негізін айқындау ұсынылады. Мерекенің түр-түс үйлесімі көктемнің тууы мен табиғаттың оянуын бейнелейтін нәзік пастель түстерде (нәзік-жасыл, күңгірт-сары, жұмсақ-көгілдір және ашық қызғылт көрініс) табады.

Іс-шаралардың идеялық-көркемдік тұжырымдамасы

іс-шараны атаулы, жоғары деңгейде, бірінші басшыларды қатыстыра отырып жүргізу ;

әйелдердің әлеуметтік қорғансыз топтарына (мүгедектерге, қарияларға, жалғыз басты әйелдерге, үй шаруасындағы әйелдерге, жұмыссыздарға) айрықша назар аудару;

көшелер мен мереке өтетін орындарды, бұл ретте жарнаманың қазіргі заманғы құралдарын пайдалана отырып, мерекелік безендіруді ұйымдастыру қажет;

әйелдердің қоғам өміріндегі рөлін, отбасылық құндылықтарды, аналық мұратын баса көрсететін сыйлықтар міндетті;

әйелдерді "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, "Құрмет" орденімен, "Ерен еңбегі үшін" медалімен марапаттауды осы мерекеге орайластыру керек;

әйелдердің мерей-мәртебесін асыруға бағытталған, әйелдерді қолдау жөніндегі мемлекет саясатын баса көрсетуге және жандандыруға жәрдемдесетін аймақаралық, салалар, кәсіпорындар және сол сияқтылар бойынша конкурстар;

Көп балалы аналарды, әсіресе ана тәрбиесінің арқасында балалары қоғамда табысқа қол жеткізгендерін ардақтау ;

теледидар бағдарламаларын, баспасөз материалдарын мүмкіндігінше отбасылық көру мен оқуға бағдарлау ;

іс-шараларды, ұлттық дәстүрлер мен қазіргі заманғы болмысты үйлестіре отырып, этномәдени ерекшеліктерге, байланысты бұқаралық қоғамдық өмірге жеткілікті араласа алмаған әйелдерді неғұрлым толық қамту үшін өткізу қажет.

Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуге байланысты салтанаттың шырқау биігі

махаббат, ана болу бақытын, от басылық құндылықтарды бейнелейтін Бірінші ханымның қамқорлығымен өтетін "Шолпан" (көктемгі зеңгір аспандағы ең жарық жұлдыз) көктемгі балы болуы мүмкін Қысқы Президенттік Жаңа жыл балы сияқты "Шолпан" көктемгі балы да, елдегі көпке аты белгілі әйелдер қатыстырыла отырып, жоғары идеялық-көркемдік деңгейде ұйымдастырылуға тиіс. Бұл Бал мемлекеттің ашықтығы мен демократиялылығын, оның жалпыадамзаттық құндылықтарға бейілділігін Қазақстан қоғамындағы әйелдердің биік мәртебесінің танылуын, анаға, отбасына деген қадір-құрметті паш етуге тиіс.

" Ш о л п а н " к ө к т е м г і б а л ы :

Қазақстан өнер шеберлерінің және ұлттық, фольклорлық шығармашылық ұжымдардың бірлескен концертін;

бал бағдарламасында сән үлгілерін көрсетуді, атақты әйелдермен сұхбат жүргізуді, қоғамдық-саяси өмірдегі әйелдердің жетістіктерін көрсетуді көздеу маңызды;

мысалға, жыл сайынғы "Қазақстан аруы" республикалық сұлулық байқауының бір кезеңі тәрізді, сұлулық байқауын;

бүлдіршін және жасөспірім жастағы қыз балалар арасындағы шығармашылық б а й қ а у д ы ;

Қазақстан қоғамындағы әйелдердің мәртебесі мен рөлін көтеру үшін жағдай туғызу жөніндегі мемлекеттің күш-жігерін көрсетуді;

Балға "Бөбек" қоры балалар ауылдарынан балаларды, көп балалы аналарды қатысуға тарту арқылы іске асырылатын ана тақырыбын қамтуға тиіс.

Мынадай жарқын дәстүрді енгізу ұсынылады. "Шолпан" Көктемгі Балы елдің Бірінші ханымының күллі қазақстандық отбасыларына Халықаралық әйелдер күні игілік пен молшылық, жақсылық пен жасампаздық, денсаулық пен қуаныш тілей отырып, сөз арнауымен аяқталады.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Мерекені ақпараттық тұрғыдан қолдау теледидарда, радиода, баспасөзде осы мерекенің тарихын оның бағыттылығын нақты баяндауды да, Қазақстан дамуының проблемаларымен әрі бағыттарымен байланыстыра қаралған адамзат тарихындағы неғұрлым белгілі әйелдер туралы ақпаратты да қамтуға тиіс. Елдің қоғамдық-саяси өміріндегі әйелдердің рөлін жария етуді, әйелдердің әлеуметтік және қоғамдық мәртебесін көтеруге бағытталған мемлекет саясатының нәтижелерін жарқын үлгілермен өрнектей отырып, оған айрықша назар аударуды ақпараттық науқанның басты тақырыбы ету қажет. Республикалық және аймақтық басылымдарда құттықтау материалдарын әйелдерге арнап жазылған немесе арналған көркем шығармалар жариялау, күллі бұқаралық ақпарат құралдарында арнаулы айдарлар ашу маңызды.

Қ а р ж ы ж ә н е р е с у р с т а р

Іс-шараны өткізудің материалдық негізі:

республикалық және жергілікті бюджеттерден салалық кәсіпорындардан,

кәсіподақтардан және сол сияқтылардан арнаулы мақсатты қаржы бөлу;
қ а й ы р ы м д ы л ы қ қ о р л а р ы ;
д е м е у ш і л і к қ а р ж ы л а р ы ;
халықаралық және қазақстандық әйелдер ұйымдарының гранттары болуға тиіс.

Салтанатты өткізудің ұйымдық ресурстары:

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, аймақтардағы, салалардағы және барлық деңгейдегі ведомстволардағы осыған ұқсас құрылымдар;

Қазақстан халықтарының ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар; қоғамдық, бейүкіметтік, халықаралық гендерлік ұйымдар, қайырымдылық қорлары, бұқаралық ақпарат құралдары; ғылым мен мәдениет қайраткерлері, конфессияларды рухани жетекшілері.

Аталған тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер:

"Қазақстан-2030" стратегиясының міндеттерін шешуде әйелдердің қоғамдық және саяси қызметін жандандыру;

Қазақстанда азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайту; демократиялық құндылықтар негізінде қоғамды топтастыру; демографиялық ахуалды жақсарту, отбасын нығайту; мемлекеттің қалыптасқан жағымды беделін көтере түсу; әйел құқықтарын қорғау мен іске асыру, ана мен баланы қорғау саласын жақсарту; жұмыссыз әйелдердің санын қысқарту; әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету деңгейін төмендету болуға тиіс.

Осы Тұжырымдаманы іске асырудың тиімділігін бағалауды Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, сондай-ақ бейүкіметтік әйелдер ұйымдарының тәуелсіз қоғамдық сараптамасы жүзеге асыруға тиіс.

Бұл ретте мынадай жағдайларды:

бұқаралық шараларды өткізуге атсалысқан әйелдер саны. Өткізілген іс-шаралардың саны мен сапасын;

әлеуметтік және қайырымдылық көмек қаржысының сомасы және онымен қамтылған мұқтаж әйелдер саны, Орта есеппен бір әйелге тиесілі соманы;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен өткізілген қайырымдылық шараларының санын;

әйелдерге зорлық-зомбылық жасау оқиғаларын азайтудың әлеуметтік көрсеткіштері, мұндай оқиғалардың неғұрлым толық есебін;

еңбекпен қамтылған әйелдер санын бөлек, жалғыз басты аналар, зейнеталды жасындағы әйелдер санын бөлек көрсету және тұтас алғанда жұмыссыз әйелдер санын азайтуды;

ер адамдармен салыстырғанда әйелдерге еңбекақы төлеу деңгейін;

балабақшалар мен бөбектер үйлеріндегі орындар санын ескеру қажет. Тиімділігін бағалау тұжырымдаманы талдаумен қамтамасыз етуді жүргізуге, оны түзетудің мерзімі мен параметрлерін айқындауға мүмкіндік береді.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз мейрамы жер бетіндегі ең ежелгі мерекелердің бірі, ол көктем мерекесі және табиғаттың оянуы ретінде 5 мың жылдан астам уақыттан бері аталып өтуде.

1926 жылы тыйым салынғаннан кейін "Наурыз мейрамы" Қазақстанда тұңғыш рет 1988 жылы мерекеленіп, кең көлемде қоғамдық сілкініс тудырды. "Көктемгі халықтық мереке - Наурыз мейрамы туралы" Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы 15 наурыздағы Жарлығы шыққаннан кейін Наурыз мейрамы ресми танылды.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды бекіту, республика халықтарының достығы мен туыстығын нығайту, ежелгі дәстүрлерді қайта жаңғырту, сондай-ақ табиғат пен адамның үйлесімі, оның шынайы ізгілік тінінде рухани тазаруы мақсатында Ел Президенті көктемгі күн мен түннің теңесу күні 22 наурызды Көктемгі халықтық мереке күні - Наурыз мейрамы етіп жариялады.

Сол уақыттан бері Наурыз мейрамын бүкіл республика бойынша кеңінен мерекелеу басталды. Мереке тек театрландырылған көріністер мен салтанатты тігілген киіз үйлер, дәмді дайындалған наурыз көже түрінде ғана емес, сонымен қатар қайырымдылық шараларын өткізу халықтық спорт ойындары, жасыл көшеттерді күту, ағаш отырғызу, саябақтар мен басқа да демалыс орындарын, көшелер мен алаңдарды тазарту түріндегі қазіргі заманғы келбетіне ие болды.

Қазіргі күні Наурыз мейрамы көктемгі, жалпыхалықтық мерекеге, еңбек және бірлік мерекесіне айналды. Бүгінгі күні ол терең рухани-этикалық мағынаға ие болып, онда қазіргі заманның ең көкейкесті мәселесі - адамның табиғатпен бірлігі мен үндестігі о р ы н а л ғ а н .

Наурыз мейрамы мерекесінің қазіргі заманғы келбетін беру үшін оны ізгілік идеясына негіздей отырып, ұлтына және діни нанымына қарамастан, күллі халықты адамзаттың ежелгі мұраттарын түйсінуге тартуға қабілетті іс-шаралардың қазіргі заманғы нысандары мен мазмұнына назар аудару маңызды. Көктем мен жаңарудың діни емес мерекесі ретінде Наурыз мейрамының түпкі идеологиясын қысты шығарып салумен, Қазақстанның күллі халықтарының өміріндегі басқа да маңызды сәттермен тамырластыруға, ортақ желілер табуға мүмкіндік береді.

Мерекенің мақсаты мен міндеттері

Наурыз мейрамын мерекелеудің мақсаты Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, қоршаған ортаны сақтауға адамның табиғатпен және қоғаммен үйлесімді өмір сүруі үшін қамқорлық жасау, болып табылады.

М і н д е т т е р і

Ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелеу, достық пен сенімділік жағдайын ж а с а у .

Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қ а м т а м а с ы з е т у .

Қазақстан халықтарының мәдениетін жақындастыру, ортақ мәдени құндылықтарды, жалпыұлттық сананы қалыптастыру.

Қоғамда әлеуметтік серіктестік қатынастарын қалыптастыру, қоғамның табысы төмен әрі әлеуметтік қорғансыз топтарына қайырымдылық көмек көрсету.

Қазақстан табиғатының бірегейлігін, ұлт денсаулығының маңызды шарты ретінде табиғаттағы экологиялық тепе-теңдікте сақтаудың қажеттігін түйсіндіру.

Елді мекендер аумақтарын абаттандыру оларды тәртіпте, тазалықта ұстау жөніндегі қоғамдық бастамаларды дамыту.

Тұтас алғанда эмблемасы мен нышандары

Мерекенің нышаны ұлттық рухпен қазіргі заман стилінде топшыланған, ғасырлар тереңінен келе жатқан адам, қоғам мен табиғаттың үйлесімді әлемі идеяларына негізделуге тиіс.

Мерекенің түр-түс үйлесімі табиғаттың оянуын, оның жаңаруын, жаңа өскіндерді бейнелейтін спектрдің жасыл түсіне (ашық жасыл, әнтек жасыл, қызыл қошқыл, қызғылт сары) негізделген.

Мерекенің идеялық-көркемдік тұжырымдамасы

Достық пен азаматтық келісім идеясы. Наурыз мейрамын мерекелеудегі идеологиялық өзектердің бірі ұлтаралық келісім, достық пен өзара сыйластық болуға тиіс, соған орай бұл бағыттағы іс-шараларды халықтар арасындағы достық, құрмет және бір-біріне түсіністікпен қарау аясында өткізу қажет.

Ұлттық мәдениеттің қазіргі заманғы жаңғыруы мен олардың жақындасуы жағдайында ең таңдаулы халықтық салт-дәстүрлер мен салт-жораларды жарқын да көңілді және өз Наурыз мейрамы күндерінде сақтау мен көрсете білу маңызды. Бұл ретте жарқын салт-жораларды фольклорлық негізге құрылған театрландырылған көріністерді пайдалану ежелгі Наурыздың мазмұнын белгілі бір дәрежеде жаңартып, қазіргі заманға лайықтап қана қоймай, оның халықтық түп негізіне, елдің тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеуге жәрдемдесуге тиіс.

Наурыз мейрамының өн бойында күллі іс-шараларда белгілі музыканттар мен шығармашылық ұжымдар гастролін, кәсіби орындаушылармен бірге фольклорлық халықтық ұжымдардың бірлесе отырып сахнаға шығуын республика бойынша ұйымдастырып, мерекелік көңіл-күйді сақтау маңызды. Күллі концерттік алаңдарда халықтардың ұлттық мәдениетін насихаттау оның сан алуандығын көрсетумен қоса жүргізілуге тиіс.

Жаңару және табиғатпен үндестік идеясы. Ол, бір жағынан, ежелгі дәстүрлер мен

бүгінгі күннің жастарды қоршаған ортамен үндестік пен тепе-теңдікті табуға шақыра отырып, ол үшін жауапкершілікте болу сезімінде баулуға қызмет етеді. Екінші жағынан, сабақтастық принципін сақтай отырып, қариялар тәрбие құралдары арқылы Наурыздың игі дәстүрлерін елдің жас ұрпағына қалдырады. Наурызды мерекелеу таңды дәстүрлі түрде қарсы алудан, "Бұлақ көрсең көзін аш" деген ежелгі салт-жорадан басталған. Таңды қарсы ала тұрып, бүкіл ересек адамдар, жастар мен балалар қолдарына күрек, кетпен алып, келісілген жерге - бұлақ басына немесе арық жағасына жиналып, оны тазартқан. Содан кейін бәрі бірге құрметті ақсақалдардың басшылығымен ағаштар отырғызған.

Наурыз мейрамын мерекелеу күндерінде қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, "Артыңда мал қалғанша, тал қалсын", "Бір тал кессең, он тал ек" аясында шаралар өткізуге болады. Осы тақырып бойынша іс-шаралар жүргізудің негізгі нысандары елді мекендерде және қалаларда, еңбек ұжымдарында аулаларды, көшелерді, саябақтарды, алаңдарды, гүлзарларды және тағы сол сияқтыларды тазалау, ағаштар мен жасыл екпелерді отырғызу, жаңа саябақтар мен аллеялар жасау Аптасын немесе Онкүндігін өткізу болуы мүмкін.

Балабақша мен бөбектер үйі тәрбиеленушілерінің, мектеп оқушыларының, студенттердің саябақтарға танымдық экскурсия жасауын, республиканың белгілі табиғат қорғау аймақтарына сапарлар ұйымдастыру, аймақтың өсімдіктерімен және аң-құстарымен таныстыру. Жоғары және орта оқу орындарында қоршаған ортаны қорғау проблемалары жөнінде дәрістер оқу да оқушыларды өз өлкесіне, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеуге көмектеседі.

Мұқтаждарға адал көмек көрсету идеясы. Қайырымдылық шараларды да ізгілік пен бірлік идеялары сияқты Наурыздың таңдаулы ізгілік идеяларын қайта жаңғырту мен сақтауға қызмет етеді.

Бұл бағыттағы іс-шаралар нысандарының бірі мұқтаждарға күллі халық болып риясыз көмектесетін бүкіл халықтық асар болуы мүмкін. Қоғамның дәулетті адамдары Наурыз мейрамы күндері балалар үйлеріне, интернаттарға, қарттар үйлеріне, қамқоршысы мен сүйенері жоқ отбасыларына, қоғамның табысы төмен және басқа да мұқтаж мүшелеріне белсенді қайырымдылық көмек көрсетуге тиіс. Республикалық және аймақтық деңгейде қайырымдылық шараларын (азық-түлік себеттерін тарату, қайырымдылық түскі астарын ұйымдастыру, зейнеткерлер мен табысы аз отбасыларының балаларына ақысыз медициналық қызмет көрсету және басқа да көптеген шараларды) ұйымдастыру әрі күллі қалталы азаматтарды оған қатысуға шақыру мақсатқа сай келеді.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Бұқаралық ақпарат құралдарының насихаттау мүмкіндіктерін пайдалануға айрықша назар аудару қажет. Бұқаралық ақпараттың күллі құралдары Наурыз мейрамын мерекелеу күндерінде өз іс-шараларының халықтың әлеуметтік топтарының басым

көпшілігі үшін танымдық және қызықты болатын маңызды бөлігіне айрықша назар аударуға тиіс. Аймақтар арасында телекөпірлер жүргізудің, телемарафондар мен тақырыптық бағдарламалардың, ақпаратты берудің басқа нысандарының да Наурыз идеясын насихаттауда маңызы зор. Республикалық "Қазақстанская правда", "Егемен Қазақстан", "Ана тілі" және "Юридическая газета", аймақтық "Астана Ақшамы", "Вечерняя Астана", "Целина", "Азия-транзит", ведомстволық "Қазақстан сарбазы" және басқа да газет беттерінде Наурыз мейрамын жария етудің салыстырмалы талдауы орыс тілді газеттер журналистерінде Наурыз мейрамы туралы ақпарат көздерінің жеткіліксіздігін көрсетті. Егер қазақ тілді басылымдар Наурыз мейрамының тарихы мен мазмұнын кеңінен жария етіп, тақырыпты терең игеруін көрсетсе, ал орыс тілді газеттердің көпшілігі өткізілген мерекелік іс-шаралар туралы материалдармен немесе Наурыздың пайда болу тарихы туралы қысқа анықтамалармен ғана шектеледі.

Жағдайды түзету үшін Қазақстан жұртшылығының басым бөлігінің Наурыз мейрамына жалпыұлттық сипат беру процесіне кіріге түсуін, мерекенің бүкілхалықтық мәнін, ізгілік идеясын республикалық газет беттерінде, теледидар мен радиода аша түсу қажеттігіне тиісті атқарушы құрылымдардың назарын аудару қажет.

Қ а р ж ы ж әне р е с у р с т а р

Наурыз мейрамын Қазақстанда мерекелеуді дәстүр бойынша 22-наурыздан бастап, 3 апта (21 күн) өткізу ұсынылады. Әрбір апта белгілі бір тақырып аясында өткізілетін болады. Іс-шара мазмұны бойынша апта девизіне сәйкес келуге тиіс. Бұл ретте Қазақстанның ауа райы және жер жағдайын ескере отырып, оларды бір мезгілде екі бағытта өткізудің: табиғаттың көктемде оянуының Оңтүстіктен Солтүстікке қарай ойысуын және мерекенің оңтүстіктен солтүстік аймақтарға қарай географиялық тұрғыдан кейіндеу келетінін ескере отырып іске асырған жөн.

Соңғы жылдары ел аймақтарында қалыптасқан дәстүрлерді сақтай отырып, мерекелік іс-шараларды тақырыбы мен мазмұны бойынша белгілі бір апталарда оңтүстік, орталық және солтүстік аймақтарда өткізу ұсынылады. Бұл - іс-шараларды Наурыз мейрамын мерекелеудің бүкіл кезеңіне тең дәрежеде бөлуге және қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары Наурыз мейрамының белсенді әрі кеңінен басталуы есте қаларлықтай күшті әсермен аяқталмайтындықтан, үшінші аптаның соңында астанада республикалық деңгейде қорытынды іс-шаралар өткізу ұсынылады.

Салтанатты қорытындылау шегі алдыңғы үш аптаның тақырыбы мен идеологиясын , мерекенің дәстүрлі салт-жораларын іске асыруды қамтитын, Астанадағы тарихи-мәдени іс-қимыл болуға тиіс. Осы салтанаттың сценарий жоспары мен салт-жораларды нақты әзірлеуді мерекелерді өткізу жоспарын әзірлеу кезінде Тұжырымдама бекітілгеннен кейін жүзеге асырған жөн.

Наурыз мейрамының барлық маңызды іс-шараларын үйлестіру үшін атқарушы билік құрылымдарында мерекені дайындаумен және өткізумен айналысатын

комиссиялар немесе жұмыс топтарын құру мақсатқа сай келеді. Қазақстан халықтары ассамблеясын, қоғамдық бейүкіметтік ұйымдарды, ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлерін тарту қажет.

Бұл орайда міндетті түрде мыналарды өткізу керек: шетелдік және отандық ірі қаржы-өнеркәсіп компанияларының қайырымдылық шараларын (балалар үйлеріне, интернаттарға, балалардың білім беру және медициналық мекемелеріне, қарттар үйіне көмек беру, апта, онкүндік, ай ішінде зейнеткерлерге және халықтың жекелеген санаттарына ақысыз медициналық, көлік және коммуналдық қызметтер көрсету және т.с.с.);

қайырымдылық лотереяларының ұтыс ойындары және аукциондар өткізу, қарттар мен балалар үйлері үшін бірінші қажеттегі заттарды төмен бағамен сату. Жиналған қаржы балалар үйлеріне, қарттар үйлеріне, мектептерге, интернаттарға және басқаларға беріледі.

Наурыз мейрамының алдыңғы нысандарын, оларға неғұрлым ауқымды сипат бере отырып әрі оларға қатысуға халықтың көпшілік бөлігін тарта отырып, тұтастай алғанда сақтауға болады.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

Жоғарыда айтқандарды негізге ала отырып, ежелгі Наурыз мерекесі бүгінгі күнмен үндестік тапты, қазіргі жағдайда қоғамда саяси тұрақтылықты, достық пен келісімді нығайту үшін үлкен әлеуеті бар деп қорытындылауға болады. Наурыз мейрамын жалпыұлттық мазмұнмен барынша толықтыра түсу үшін оны жаңа нысанмен әрі мазмұнмен үздіксіз толықтыра отырып, Наурыздың идеясын, оның Қазақстан қоғамының әрбір мүшесінің өміріндегі рөлі мен алатын орнын түсіндіру жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыра беру қажет.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ -

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі

Адамзаттық келісімге ұмтылу әрбір қазақстандықтың жүрегінде жатыр. Қазақстанда адамдар мен әлеуметтік топтар, халықтар арасында қалыптасқан достық қатынастар қажеттілік және алға басудың маңызды факторы ретінде жалпыұлттық келісімді айқындайтын объективті жағдайлар жасады. Қазақстан бүкіл әлем алдында 130 тең құқылы ұлттардың тату-тәтті отбасы ретінде көрінді.

Жалпыұлттық келісім жаңарған қоғам адамдарының психологиясын сипаттайтын принциптерге:

елдің күллі озық ойлы күштері мен халықтары іс-қимылдарының бірлігіне;
жалпы мен ерекшенің, ұлттық әрі интернационалдық мүдделердің табиғи үйлесіміне негізделген.

Экономикалық және әлеуметтік реформалардың ілгерілеуіне, азаматтарға жаңа бостандықтардың берілуіне қарай ұлттық сана-сезімнің өсуі, өз тарихи тамырларына үнілу, өз тарихын қайта бағамдау барған сайын неғұрлым анық байқалуда. Бүгінгі таңдағы Қазақстанды мекен еткен этникалық топтардың ортақ тарихи тағдыры халықтың ділінде, оның өмірлік көзқарасы мен мұраттарында оңынан көрініп, күллі этностар үшін ортақ құндылықтар мен мұраттар қалыптастырды. Бұл "Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 Жарлығынан көрініс тапты, ол тізбеде Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі де қамтылған.

Республикадағы татулық пен келісім - осында тұрып жатқан адамдардың жоғары мәдениеті мен ақыл-ойының, мемлекеттің салмақты да көреген ұлттық саясатының жемісі, көпұлтты Қазақстан адамдар психологиясы мен біздің қоғамымызды этносаралық жанжалдардан қорғап қалған айрықша берік топтасуды қалыптастырды.

Міне, көпұлтты Қазақстан халықтарының теңдігі Қазақстан Республикасының Президенті жариялаған ұлттық идеяның бірінші құрамдас бөлігі болып табылуының соншалықты табиғилығы да осында жатыр.

Сөйтіп, Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесінің идеологиясы жалпыұлттық мәннің құндылықтарын көрсетеді, Қазақстан халықтарының одан әрі топтаса түсуіне ықпал етеді. Аталған мерекенің идеологиясы қазіргі кезеңде осы Тұжырымдамада белгіленген ұлттық мерекенің өлшемдеріне, функциялары мен принциптеріне сәйкес келеді. Осыған байланысты Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі мәртебесі бойынша ұлттық мереке болып табылады.

Мерекенің мақсаты мен міндеттері

Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесінің мақсаты қазақстандықтардың ортақ ұлттық игілігі ретінде қоғамның топтасуын, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді бүкіл халық болып көрсету болып табылады.

М і н д е т т е р і

Демократиялық құқықтық реформа негізінде ұлттық саясатты дамытуды жалғастыру мынадай принциптерге:

егемендік, тәуелсіздік және белсенді интеграцияға;
қоғамдағы тұрақтылық, келісім мен сындарлы шешімдер іздестіруге;
ақылға қонымды ұлттық өзіндік мүдделерді іске асыруға;
күллі ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің экономикалық және мәдени даму деңгейлерінің теңдігіне және теңестірілуіне;
ұлтаралық келісім, ізгілік, халықтар арасындағы өзара көмек пен достыққа;
заңның билік құруы және ұлттар құқығы мен адам құқығының ақылға қонымды үйлесіміне сүйенеді.

Қазақстан халықтары ассамблеясының қоғамдық рөлі мен мәнін одан әрі арттыру; ол ұлтаралық бірлік пен келісімді сақтауға іс жүзінде үлес қосып, ал ел ішіндегі

ұлтаралық қатынастар үйлесімді бола түсті.

Қазақстан аумағын мекен еткен халықтар мәдениетінің бейімделіп жұтылуы мен бөлектенуіне қарсы тұру.

Жалпыұлттық топтасу, ішкі саяси тұрақтылық, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімнің негізін салушы фактор болып табылатын қазақстандық отансүйгіштікті нығайту.

Қазақстан халықтарының тілдерін өркендету мен дамытудағы, халықтар мәдениеті мен салт-дәстүрлердің бірін-бірі байытудағы табыстарды көрсету.

Республикада саяси және азаматтық бірлікке ұмтылу басымдығы болып табылатын, осы мемлекеттің негізін әрі Қазақстанның біртұтас халқы деген түсінікті құрайтын түрлі ұлттар азаматтарының мүдделері мен тағдырларының ортақтығы - жаңа қазақстандық азаматтылықты қалыптастыру процесін жалғастыру.

Тұтас алғанда эмблемасы мен нышандары

Мерекенің сапалы логотипін жасау үшін фирмалық топтамада "эмблема қосу сөздер" деп көрсетілген мерекенің қоғамдық-саяси мәні мен идеясын білдіретін эмблема жасау қажет. Түр-түстің үйлесімі сенім мен достықты бейнелейді және жасыл көгілдір, күлгін ақшыл көк түстерден тұрады.

Бекітілген нұсқаны атқарушы биліктің барлық құрылымдарына жеткізіп, мерекелік іс-шараларды көрнекі безендіруге әрі бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану керек.

Ұлттық мереке күндері күллі мемлекеттік мекемелердің, меншік нысанына қарамай заңды тұлғалардың ғимараттарына, сондай-ақ салтанатты ресми іс-шаралар өтетін үй-жайларға жалаудың ұзындығы мен енінің стандарттарын сақтай отырып, оның көлемі мен орналасуы эстетикалық және сәулеттік тепе-теңдіктері айқындалатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауы ілінуге тиіс.

Мерекенің идеялық-көркемдік тұжырымдамасы

Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесінің Ұлттық мереке ретінде негізгі оқиғасы Қазақстан халықтары ассамблеясының кезекті жыл сайынғы сессиясын өткізуді айқындаған жөн, ол мерекені идеологиялық тұрғыдан қорытындылап, оның аяқталғанын білдіреді.

Мерекенің басты басымдықтары - идеялық бағыттылық, іс-шаралардың бұқаралық түрлері мен олардың халықтық сипаты.

Салтанатқа Қазақстан халықтарының тілдері тақырыбы, қазақстандықтар мәдениетінің жетістіктерін насихаттау мен көрсету, ұлттық-мәдени орталықтардың қатысуы салтанатқа табиғи түрде үйлеседі.

Ерекше айырмашылықтары - жылдың жазғы (жылы) маусым уақыты мен мерекеге қатысушылардың бұқаралық сипаты. Бұл іс-шараларды жабық үй-жайларда емес, көшелерде, алаңдарда, стадиондарда, саябақтарда өткізуге мүмкіндік береді.

Өткізу нысандарының басымдықтары - халықтық тойлау (көшедегі шерулер,

карнавалдар, ұлттық дастархандарды көрсету), халықтар өнерінің фестивальдері, спорттық жарыстар, Қазақстан халықтары фестивалінің қорытынды кезеңі мен г а л а - к о н ц е р т ө т к і з у .

Отан алдындағы айрықша еңбегі үшін көзге түскен адамдарды "Барыс" және "Достық" ордендерімен марапаттауды көздеу керек.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау теледидар және радио арналары арқылы Мемлекет басшысының Қазақстан халықтары ассамблеясының жыл сайынғы сессиясында сөйлеген сөздерін тікелей эфирден беру, оның қағидаларын бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру; т е л е м а р а ф о н д а р ;

газеттердің, журналдардың тақырыптық нөмірлерін, арнайы телерадио бағдарламаларын шығару ;

Қазақстан халықтары ассамблеясының, ұлттық-мәдени орталықтардың басшыларының, ардагерлердің, шығармашылық зиялы қауымның көпшілік алдында сөз с ө й л е у і ;

жарнамалық-көрнекілік және ақпараттық-насихаттық өнімдер дайындау мен орнату ;

тақырыптық, соның ішінде "Тамаша адамдар өмірінен" сериясымен де, кітаптар шығару .

Күллі іс-шаралардың идеялық өзегі Қазақстан халықтарының достығы мен бірлігін, көпұлтты мәдениеттің бірін-бірі өзара байытуын көрсету, республикадағы этникалық топтардың қоғамдық өмірдің барлық саласындағы (экономикадағы, мәдениеттегі, өнердегі және т.с.с.) жетістіктерін насихаттау болуға тиіс.

Мерекені дайындау мен өткізу кезіндегі басты шарттардың бірі оған қатысушылар үшін бұқаралық, еркіндік пен мәжбүрlemeушілік жағдайын жасау болып табылады:

мерекеге қатысушылардың мерекелік ұлттық киім киіп жүруге ұмтылуы; ұлттық әндерді, билерді, халықтық әдет-ғұрыптарды көпшілік болып орындау;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын пайдалану; іс-шаралардың рухани-мәдени бағытының үстем болуы.

Қ а р ж ы ж әне р е с у р с т а р

Осы Тұжырымдаманың негізгі ережелерін ұстана отырып, орталық және жергілікті атқарушы билік органдары мерекені дайындау мен өткізудің жоспарын әзірлейді, іс-шаралардың нысандары мен оларды өткізу орындарын айқындайды.

Мерекені дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылары мен орындаушылары, Қазақстан халықтары ассамблеясының, оның аймақтық құрылымдары мен ұлттық мәдени орталықтардың, сондай-ақ басқа да қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен, биліктің жергілікті атқару органдары болуға тиіс.

Мерекені дайындау мен өткізу үшін жергілікті бюджеттің қаржы ресурстары, заңды және жеке тұлғалардың демеушілік қаржылары пайдалануы мүмкін.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

Аталған Тұжырымдаманы іске асырудың нәтижесін көпұлтты қазақстандықтар ортасында ұлтаралық келісімді нығайту деп санау керек. Күллі қазақстандықтар елде өздерін туысқанбыз деп сезінуге тиіс. Ұлттық-мәдени ерекшеліктерді, тілді, балалардың ұлттық тілде білім алу мүмкіндігін, ар-ұждан бостандығын сақтай отырып, күллі қазақстандықтар Қазақстанның біртұтас халқына жататындығының, бірыңғай құндылықтарды қалыптастырудың, елдің тәуелсіздік пен демократияландыру жолымен ілгерілеуіне жәрдемдесудің ортақтығын пайымдауға тиіс.

ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні мерекесі 1945 жылы 8 мамырда КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен фашистік Германияға қарсы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңісті атап өту үшін бекітілген.

Қазақстандықтар фашизмді күйретуге орасан зор үлес қосты. Қазақстан соғыстың қиын-қыстау жылдарында ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өнімін өндірудің ірі базасына айналды. Қазақстаннан 1 млн. 366 мың адам майданға шақырылып, олардың әрбір екінші ұрыс даласынан оралмады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 Жарлығымен 9 мамыр Жеңіс күні мереке күндерінің тізбесіне енгізілді.

Алайда соңғы жылдар тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мерекенің маңызын қоғамдық санада, әсіресе жас ұрпақтың санасында төмендету үрдісі байқалады. Бір жағынан, мұндай жағдай уақыттың өтуімен, яғни жарты ғасыр бұрынғы соғыстың қаһарман ерлік салтының бірте-бірте көмескіленіп бара жатқанымен түсіндіріледі. КСРО құлағаннан кейін азаматтық сәйкестіктің өзгеруі де әртүрлі этникалық топтарда әрқилы қабылдау сезімін қоса туындатты. Екінші жағынан, мерекені өткізудің бұрынғы идеологиялық мазмұны мен нысандарының әбден ескіріп, әрі уақыт болмысына сай келмеуі ахуалды күрделендіре түседі.

Солай бола тұрса да, қоғамда сақталып отырған мерекенің мәні туралы қоғамдық пікірді ескеретін болсақ, сондай-ақ көрші ТМД елдеріндегі үрдістер жағдайында атаулы күнді мерекелеуді тоқтату жағымсыз салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін еді. Оның үстіне, мұндай қадам геосаяси факторлар ыңғайындағы мәселенің саясаттануына ә к е л у і м ү м к і н .

Осыған байланысты мерекені сақтай отырып, бірақ оның нысаны мен идеологиялық мазмұнын біршама түзету ұсынылады. Бұл мақсатта:

мерекенің жалпыадамзаттық маңызы жағына баса назар аудара отырып, идеологиялық мазмұнын кеңейту;

интеграциялану идеясын елдің ұлттық қауіпсіздігінің, Қазақстанның күллі халықтары ұрпақтарының бірлігі мен сабақтастығын нығайту факторы ретінде

насихаттай отырып, мерекенің отансүйгіштік бағыттылығын күшейту, Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қомақты үлес қосушы ретінде республиканың тарихи жағымды бейнесін қалыптастыру орынды болмақ.

М а қ с а т ы м е н м і н д е т т е р і

Негізгі мақсат - Екінші дүниежүзілік соғыстағы халықтың өшпес ерлігіне құрмет көрсету. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуын ұрпақтар жадында қастерлеп сақтау. Халықтың теңдессіз ерлігі мен жанқиярлығын насихаттау, фашизмге қарсы күрес жолындағы ұлы жеңістегі қазақстандықтардың қосқан теңдессіз үлесін ашып көрсету.

М і н д е т т е р і

Жеңіс жолындағы ортақ күш-жігер мен құрбандықтар туралы тарихи жадымыздың негізінде Қазақстан халқын топтастыру.

Екінші дүниежүзілік соғыс туралы тарихи шындықты; орасан зор құрбандықтармен келген жеңісті қамтамасыз еткен халықтың рөлін; Қазақстан халқының ортақ тарихи құндылықтарына деген жанашыр қарым-қатынасты насихаттау.

Халықтың Отанға деген сүйіспеншілігін, патриотизмді, Отан қорғауға дайын болу және Отан қорғаушылар ұрпақтарының бойында тарихи сабақтастық сезімін баулу.

Бейбітшілікті, ізгілікті сақтаудың маңызын және соғыс пен зорлық-зомбылықтың кез келген көріністерін қабылдауға болмайтынын насихаттау.

Байсалдылық, ашықтық, әлемнің күллі мемлекеттерін құрметтеу, тату көршілік қарым-қатынастар сезімін қалыптастыру.

Соғыс және еңбек ардагерлеріне, Ауған соғысына қатысушы жауынгерлердің және әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан немесе зардап шеккен әскери қызметшілердің отбасына көмек көрсету.

Жастарды нақты мерзімді әскери қызметке шақыру іс-шараларына идеологиялық тұрғыдан қолдау көрсету.

Тұтас алғанда эмблемасы мен нышандары

Ардагерлер мен жастарға мәлім қазіргі таңдағы қазақстандық тақырыпқа байланыстырылған, Ұлы Отан соғысының кеңінен белгілі нышанына негізделуге тиіс. Мерекенің түсі шие түсті, қызыл, қызғылт сары, алтын реңктеріне және қоңыр сары түстерге негізделуге тиіс.

Тарихи компоненттің Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттік және ұлттық нышанымен үйлесуі міндетті түрде ескерілуге тиіс.

Мерекенің идеялық-көркемдік тұжырымдамасы

Негізгі идеялық желілер:

Отан үшін қаза болғандарды жадымызда сақтау, ардагерлерге құрмет көрсету; Отанды қорғау борышының қасиеттілігі мен Отан қорғаушылар ұрпақтарының тарихи сабақтастығы;

мерекенің жалпыгуманистік қыры;

бейбітшілікті сақтаудың маңызы және соғыс пен зорлық пен зомбылықтың кез-келген көріністерін қабылдауға болмайтындығы.

Жеңіс пен Бейбітшілік күнін мерекелеу күнінде әскери қызметшілер мен басқа да лайықты адамдарды жоғары дәрежелі ерекше белгілермен: "Алтын Қыран", "Барыс" ордендерімен, "Халық қаһарманы" атағымен марапаттау қажет.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Мерекенің ақпараттық-қамтамасыз етілуі, бір жағынан, өскелең жас ұрпақ санасының да соғыс туралы жадын жаңғыртуға бағытталған тарихи қырын, екінші жағынан Қазақстан армиясындағы қызметтің ерлік салтын, республиканың тәуелсіздігін қорғау қажеттігін, қазақстандық патриотизмді насихаттауды білдіреді.

Жағымды әсерді күшейте түсу үшін әскери шерулер өткізу, мерекелік отшашулар беру, оларды теледидар арналары арқылы тарату орынды болмақ.

Қ а р ж ы ж әне р е с у р с т а р

Материалдық ресурстары: республикалық және жергілікті бюджеттің, Қорғаныс министрлігінің арнайы мақсатта бөлінген қаржылары, қайырымдылық қорлары.

Ұйымдық ресурстары: Мемлекеттік республикалық комиссия, әкімият жанындағы комиссиялар, Қорғаныс министрлігі, әскери комиссариаттар; Запастағы әскери қызметшілер одағы, ардагерлердің, ауған соғысына қатысушы жауынгерлер одақтары, Сарбаз аналарының одағы; Қазақстан халықтарының ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар; бейүкіметтік қоғамдық ұйымдар, қайырымдылық қорлары, БАҚ.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайту;

қазақстандық патриотизмді нығайту;

Қазақстанның бейбітшіл саясаты мен аймақтағы ұжымдық қауіпсіздікті нығайту б а ғ ы т ы н к ө р с е т у ;

Қазақстан армиясының қатарына шақыру науқанын жандандыру; аға ұрпақты құрметтеу, ұрпақтар байланысын нығайту;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің беделін нығайту.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮНІ

Әлемдік тәжірибеде Конституцияны қабылдау күні Тәуелсіздік күні, Республика күні мерекелерімен қатар қоғамды топтастыру идеясын іске асыруға, ұлттық патриотизмді тәрбиелеуге, халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етуге тиіс мемлекеттік мереке болып табылады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы тәуелсіз мемлекеттің конституциялық құрылысы процесін аяқтады. 1995 жылғы 30 тамыздағы

бүкілхалықтық референдумда Қазақстан халқы еркін білдіру арқылы Негізгі заңда объективті қалыптасқан президенттік басқару нысанын түбегейлі бекітіп, мемлекеттік билікті заң шығарушылық, атқарушы және сот тармағына бөлуді аяқтады. Мемлекеттік биліктің пәрменділігін қамтамасыз еткен, маңызды әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүргізуді жеделдетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берген тетік жасалды.

Конституция жалпыазаматтық принциптердің негізінде қоғамның одан әрі топтасуын; тәуелсіз, демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекеттік құруға жәрдемдесті.

Осылайша, 1995 жылғы Конституцияның Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы он жылының тарихындағы орны мен рөлі айқындалып, бұл күнге мереке мәртебесін беру үшін алғышарттар жасалды. Бұл "Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 Жарлығымен іске асырылған болатын.

Конституция күнінің идеологиялық мазмұны көп жағынан Республика күні мен Тәуелсіздік күні мазмұнына ұқсас екенін ескере отырып, оны мереке (мереке күні) ретінде атап өту орынды болмақ.

Бұл орайда мемлекеттік-саяси және идеологиялық реңкі айқын көрінетін - Тәуелсіздік күні мен Республика күні мерекелерін өткізуге баса назар аудару керек.

Конституция күнінің күнтізбеде орналасуы 1 қыркүйек - Білім күнімен жақын тұрғанын ескеру қажет, бұл Конституцияның қабылдануына арналған салтанатқа халықтың нақты көңіл қоюына мүмкіндік бермейді.

Мерекенің мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасы Конституциясының күнін мерекелеудің мақсаты демократияны, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауын қамтамасыз етудегі құқықтық мемлекеттің мәнін қоғамның сезінуі, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру деп санау керек.

Міндеттері

Конституцияның Қазақстанда демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудағы рөлі мен маңызын жария ету.

Конституцияның мазмұнын білуге ұмтылуды және оның нормаларын күнделікті өмірде қолдануды тәрбиелеу.

Азаматтардың Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реформалауға қатыстылығын, белсенді азаматтық тұғырын сезіну.

Патриотизм мен өз елі үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

Мемлекеттік қызметшілердің өз еңбегінің нәтижелері үшін қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін күшейту.

Қоғам мен мемлекеттің мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуші азаматтарды марапаттау. Мерекенің эмблемасы мен нышаны өзінің мазмұны жағынан басты идеяға - заңның қоғам өмірінде салтанат құру идеясына жауап беруге, әрі ол мемлекеттік

нышан мен Конституция мәтінінен алынған айқын ұран элементтеріне негізделуге тиіс. Бұл орайда тарихи желілерді қазақтың заң шығарушылық тарихымен қатар жүргізіп, Конституцияны қабылдаудың маңызын көрсету қажет.

Мерекенің түстер жиынтығы көгілдір, көк, қара көк және ашық сары түстен тұрады.

Мерекенің идеялық-көркемдік тұжырымдамасы
Конституция күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар:
мереке қарсаңында Конституция күніне арналған салтанатты жиналыстар мен мерекелік концерттер өткізу;

халықтық тойлауды ұйымдастыру (шығармашылық ұжымдардың концерттері, спорт жарыстары, мерекелік сауда-саттық және т.б.);

бірінші рет мемлекеттік қызметке кірген мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдауы;

саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдерін мерекелік іс-шараларға қатысуға тарту болуға тиіс.

Іс-шаралардың мазмұнындағы негізгі басымдықтар:
қылмысқа (әсіресе балалар мен жасөспірімдердің қылмыс жасауына) қарсы күрес;
салауатты өмір салты үшін (есірткіге, ішімдікке қарсы т.б.) күрес;
қоғамда құқықтық қатынастар мәдениетін қалыптастыру;
мемлекеттің қызмет етуінің түбегейлі принципі ретінде заңның үстемдігі болуға тиіс.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау:
бұқаралық ақпарат құралдарында Конституция күніне арналған мақалалар жариялауды;

теле- және радиохабарларда, газет пен журнал беттерінде мемлекеттік органдардың өткен кезең ішіндегі қызметін Конституция нормаларын іске асыру аясында көрсетуді, мемлекеттің көрнекті саяси қайраткерлерінің, мемлекеттік органдардың жауапты басшыларының сөйлеген сөздерін жария етуді;

Конституция мәтінін, сондай-ақ мереке тақырыбына сәйкес келетін төсбелгілер, буклеттер, проспектілер мен басқа да материалдар шығару мен таратуды;

Қазақстанның конституциялық және мемлекеттік-құқықтық дамуының мәселелері, адам құқықтарының жай-күйі жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар, "дөңгелек үстелдер", дәрістер өткізуді;

мемлекеттік теледидар мен радио арналарында Конституция күніне арналған мерекелік бағдарламалар, телевикториналар ұйымдастыруды, мерекелік іс-шараларды жария етуді;

кітапханаларда кітаптардың тақырыптық көрмелерін ұйымдастыру мен көпшілікке арналған дәрістер өткізуді;

оқу орындарында 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Конституциясы сабағын өткізуді көздейді.

Қ а р ж ы ж әне р е с у р с т а р

Аталған Тұжырымдаманы іске асырудың материалдық ресурстары республикалық және жергілікті бюджеттің, құқық қорғау органдарын қолдау қорларының, қайырымдылық қорларының қаржысы, құқық қорғаушы ұйымдардың қаржысы немесе қ о р л а р ы б о л у ы м ү м к і н .

Ұйымдық ресурстары ретінде Мемлекеттік республикалық комиссия және аймақтардағы ұқсас құрылымдар, Әділет министрлігі, Конституциялық Кеңес, прокуратура органдары, ИМ, ҰҚК, қоғамдық-саяси партиялар мен қозғалыстар, құқық қорғаушы ұйымдар және т.б.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

Мерекелік іс-шараларды өткізу қоғамдық санада Конституция күнінің жалпы халыққа ортақтығын нығайтуға, осы негізде жалпыұлттық бірлік сезімін, әрбір адамның қоғам өміріндегі реформалауға қатыстылығын және оның құқық субъектісін н ы ғ а й т у ғ а ы қ п а л е т у г е т и і с .

Қазақстан азаматтары үшін Конституция мемлекеттің күллі аумағында жоғарғы заңдық күші және тікелей әсері бар, мемлекеттің іс жүзіндегі құқығының көзі ретінде қабылдануға тиіс. Конституция нормаларын білу және азаматтардың өзінің құқық субъектісі мен жауапкершілігін сезіну халықтың күнделікті өмірінде құқықтары мен бостандықтарын әрі іске асыруға ықпал етуге тиіс.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Республика күні Қазақстан егемендігі бекітілуінің басталуының тарихи атаулы күнімен байланысты. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі еліміздің дамуында бетбұрыс жасаған "Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы" Декларацияны қабылдаған болатын. Қазақстан қоғамдық-саяси құрылысты өзгертуге өз бетінше кірісіп, ырықты нарықтық экономикаға негізделген демократиялық қоғамды құруға бағыт алды. Іс жүзінде, осы актімен әлемнің картасында жаңа мемлекет - болашақ Қазақстан Республикасының негізі салынды.

Әлемдік практикада мұндай оқиғалар өзінің қоғамдық-саяси әрі тарихи маңызы жағынан әрқашан маңызды мерекелер болып қалыптасқан. Осындай оқиғаның танылуы негізінде ғана әр мемлекеттің халқы қалыптасып, тәуелсіз мемлекеттің рәміздері пайда болған, оның халқының азаматтық бірегейленуі қосарлана жүрген.

Қазақстан қоғамының көпұлтты әрі көпконфессиялы жағдайында бұл актіні қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің қоғамдық мәні бар құндылық деп тануы Қазақстан халқының қалыптасуы, оның саяси және мемлекеттік құрылысының нысанын айқындау үшін шешуші мәнге ие болып келеді.

Сондықтан мемлекеттіліктің жаңа нысанының көзі болған оқиға өзінің ауқымы жағынан жалпыұлттық болып табылады. "Қазақстан Республикасындағы мереке

күндері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 Жарлығымен бұл күн ұлттық мереке қатарына енгізілді.

Осылайша, Республика күні ұлттық деңгейдегі мереке болды. Алайда қазіргі уақыттың тарихи болмысында Республика күнін мереке ретінде атай отырып, Тәуелсіздік күніне ұлттық мереке мәртебесін беру орынды болмақ.

М е р е к е н і н ң м а қ с а т ы м е н м і н д е т т е р і

Бұл мерекенің мақсаты Қазақстан халқы өзінің азаматтық және адам құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін мемлекет пен билікті қалыптастырудың өкілді сайламалы принциптерге негізделген азаматтық демократиялық қоғам құрудың басымдығын сезінуі болып табылады.

М і н д е т т е р і

Қазақстандықтардың санасында өркениетті құқықтық қоғамға бейілділікті қ а л ы п т а с т ы р у .

Қазақстандық мемлекеттілік идеясын экономика мен қоғамды реформалаудағы табысқа қол жеткізудің негізі ретінде қоғамдық санаға сіңіру.

Қазақстанның жалпыадамзаттық, демократиялық және либералдық құндылықтарға бейілділігін әлемге п а ш е т е д і .

Ашық экономикасы және қолайлы инвестициялық климаты бар қазіргі заманғы, құқықтық мемлекет ретінде республиканың бейнесін асқақтату.

"Қазақстан-2030" стратегиясын орындаудың кепілі ретінде күшті, пәрменді мемлекет туралы идеяның танылуын қамтамасыз ету.

Т ұ т а с а л ғ а н д а э м б л е м а с ы м е н н ы ш а н д а р ы

Республика күнінің нышаны мен эмблемасы республика мемлекеттілігінің қалыптасу жолын бейнелеп, міндетті түрде елдің бүгінгі таңдағы атрибутикасын қамтиды. Нышанның идеологиялық басымдығы еліміздің болашаққа ұмтылысын, әлемдік қоғамдастықта өзіндік орны бар мемлекет құруға жұмылуын білдіруге тиіс.

Бұл мерекенің түс үйлесімі көгілдір түстің әртүрлі реңктерінен, сондай-ақ ашық сары (алтын) және сары түстен тұрады.

М е р е к е н і н ң и д е я л ы қ - к ө р к е м д і к т ұ ж ы р ы м д а м а с ы

Салтанатты өткізудің негізгі басымдықтары мыналар:

Қазақстанның демократиялық таңдауының тарихи шынайылығын дәлелдеу;

Қазақстан мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығын сезіну;

күллі қазақстандықтардың мемлекеттік тетіктерді жетілдіруге қатысуының м а ң ы з д ы л ы ғ ы ;

халықтың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуын кеңейту;

қазақстандықтардың мемлекеттің саяси жүйесін демократияландырғаны үшін ұрпақтар алдындағы жауапкершілігі;

мемлекетті сақтап қалу, уақыттың қатерлері мен сындарына қарсы тұру, ұлттық қауіпсіздікті нығайту болуға тиіс.

Мерекені өткізу халықтың саяси белсенділігін жандандырумен, стратегиялық мемлекеттік бағдарламаларды қабылдаумен, Президенттің Қазақстан халқына Жолдау арнап сөз сөйлеу практикасын жалғастырумен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл күндері жастарды баулуға көп көңіл бөліп, олардың бойында азаматтық борыш, елдің тағдыры үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру қажет.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау ел басшылығының саяси бағытын түсіндіру, қоғамды одан әрі демократияландырудың болашағын, Қазақстанның бүгінгі таңдағы әлемдегі орны мен рөлін тәуелсіз ішкі және сыртқы саясатты сақтай отырып, интеграцияланудың қажеттігін ашып көрсету жөніндегі кешенді бағдарламаның негізінде құрылуы қажет.

Мерекенің міндеттерін неғұрлым толығымен іске асыру үшін тәуелсіз БАҚ-ты, ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тарту қажет. Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы жағымды бейнесін жасау үшін шетелдік БАҚ-пен жұмысты ұйымдастыру мерекенің маңызды қыры болып табылады.

Қаржы және ресурстар республикалық және аймақтық деңгейлерде іске қосылуға тиіс. Олар жоспарланған бюджеттік қаржыдан, халықаралық демократиялық ұйымдардың гранттарынан, қайырымдылық және демеушілік қолдауларынан жинақталуы мүмкін. Артық даңғазалық пен жөнсіз шығыстардан аулақ болу маңызды.

Мерекені ұйымдастыруға және өткізуге саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстар, ҒӨБ (ғылыми-өндірістік бірлестіктер), кәсіподақтар үлкен көмек көрсетуге тиіс.

Мерекенің іс-шараларын белгілі бір саяси міндеттерге қол жеткізуге айқын бағыттаудың маңызы бар, халықтың табысы аз тобына, мүгедектерге, жетімдерге әлеуметтік қолдау көрсету қажет.

Қазақстанның көрнекті қайраткерлерін наградтау, монументтер мен обелискілер ашу, көшелерге, мекемелерге тарихи тұлғалардың атын беру мерекеге биік патриотизм л е б і н б е р е д і .

Республика күнін мерекелеу Тұжырымдамасын іске асырудан күтілетін нәтижелер жүргізіліп отырған демократияландыру саясатындағы мемлекеттің орны мен рөлін түсінушілікті қазақстандықтардың санасына сіңіру болып табылады. Ел басшылығына деген сенімді нығайту, азаматтардың елдің саяси өміріне белсенді әрі жауапты қатысу қажеттігін қалыптастыру маңызды белес болуға тиіс.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ -

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі

Тәуелсіздік күні бүкіл дүние жүзінде мемлекеттіліктің негізі салынуын және халықты топтастыратын қоғамдық құндылықтардың негізгі кешенін білдіретін ең басты ұлттық мерекелердің бірі ретінде атап өтіледі.

Қазақстанның Тәуелсіздік күні мемлекеттік егемендік туралы қастерлі идеяның шындыққа айналуы ретінде тарихқа енді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 16 желтоқсанда "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заңды қабылдады. Сол уақыттан бастап республиканың күллі аумағында бүкіл билікке толығымен ие және сыртқы әрі ішкі саясатты өз бетінше айқындап, жүргізетін, тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет мәртебесінің түбегейлі құқықтық ресімделуіне ие болды.

Бұл күн халықтың сан ұрпағының тәуелсіздік үшін күресінің нәтижесі еді. Қазіргі заманғы мемлекеттің міндетті атрибуттарының пайда болуы осы күнмен байланысты.

Қазақстандықтар үшін ол уақыт өлшемінің жаңа нүктесін, экономикадағы түбегейлі реформалардың басталуын, Қазақстанның ашық, демократиялық, әлеуметке бағытталған қоғам құрушы, халықаралық қатынастардағы толыққанды субъект ретінде бағытын бейнелейді.

Тәуелсіздік күні тарихи тұрғыда туындаған негізі бар - бүгінгі таңдағы Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының елеулі оқиғаларына арналған күзгі мерекелердің - Конституция күні мен Республика күні тізбегіне орайлас келіп, жылдың саяси сипаттағы негізгі мерекесі болып табылады.

"Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 Жарлығымен аталған мейрамға мереке күні мәртебесінің берілуі Қазақстанды орныққан тәуелсіз мемлекет ретінде сипаттайтын он жыл ішінде қалыптасқан саяси болмысын бейнелейді. Тәуелсіздіктің 10 жылдығы жылында бұл мерекеге ұлттық мереке мәртебесін беріп, оны Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Жарлығымен бекітудің бейнелі мәні болар еді. Мұндай қадам мерейтой салтанатын айрықша салмақ пен маңыз береді.

Бұл, ең алдымен республика халқының азаматтық-саяси бірлігін, бірегейлігін нығайтуға бағытталған қадам болар еді.

Мерекенің мақсаты мен міндеттері

Осы мерекенің мақсаты еліміздің тәуелсіздігін нығайту, халықтың күш-жігерін Қазақстанның экономикалық, технологиялық, саяси тәуелсіздігін, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, саяси тұрақтылықты, республиканың демократиялық дамуының негіздері ретінде тәуелсіздік құндылығын пайымдауды қамтамасыз етуге жұмылдыру болып табылады.

Міндеттері

Көпұлтты Қазақстанның тәуелсіздік алуының тарихи мәнін насихаттау.

Елдің саяси басшылығының тәуелсіз мемлекетті нығайту процесіндегі айқындаушы рөлін анықтау.

Бұқара халықтың санасында азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімнің, саяси тұрақтылықтың құндылықтарын бекіту.

Тәуелсіз егемен мемлекеттің азаматтары ретінде қазақстандықтардың бірегейлену

процестерін одан әрі дамыту.

Қоғамды реформалауда және "Қазақстан-2030" стратегиясын іске асыруда қол жеткен табыстарды көрсету мен насихаттау.

Тәуелсіздік күнінің эмблемасы оқиғаның тарихи маңызы мен салтанаттылығының құрметіне лавр дестесімен қоршалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы мен елтаңбасын негізге ала отырып, жасалуға тиіс.

Бұл орайда мерекенің нышаны Қазақстан жүріп өткен тарихи жолды, оның қазіргі тандағы экономикалық, әлеуметтік және саяси болмысын бейнелеуге тиіс. Онда реформалардың бағытын қолдауға, еліміздің беделінің өсуіне, қол жеткен табыстардың ел ішінде және шетелде танылуына бағытталған идеялар көрініс табуы қажет. Мерекенің түстері тудың көгілдір түсі басымырақ болып, алтын (ашық сары) түспен үйлесімде алынып, мемлекеттік тудың өлшемдеріне сәйкестікке негізделеді.

Ұлттық мереке күндері меншік нысанына қарамастан бүкіл мемлекеттік мекемелердің, заңды тұлғалардың ғимараттары, сондай-ақ салтанатты ресми іс-шаралар өткізілетін үй-жайлар Қазақстан Республикасының мемлекеттік туымен безендіріліп, оның көлемі мен орналасуы тудың ұзындығы мен енінің стандарттарын сақтай отырып, эстетикалық сәулет өлшемдерімен айқындалады.

Мерекенің идеялық-көркемдік тұжырымдамасы

Салтанатты өткізу кезінде мынадай принциптер мен идеологиялық басымдықтарды іске асыру қамтамасыз етілуі қажет:

тәуелсіздік жолындағы қол жеткен табыстарды тереңдете көрсететін ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралар өткізу;

халықтың табысы аз жіктерін қолдау жөніндегі міндетті қайырымдылық шаралары;

көпшілік халықтың тойлауын әртүрлі нысандарда ұйымдастыру;

өткен жылдың қорытындыларын жалпымемлекеттік аймақтық, салалық және ведомстволық деңгейде жасау;

өткен жылдың даму қорытындыларын насихаттау жөнінде отандық және шетелдік БАҚ-та бұқаралық насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру;

салтанатты қорытындылау Үкіметтің, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың, дипломатиялық корпусының мүшелерінің, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің, Қазақстан жұртшылығының өкілдерінің қатысуымен өтетін Парламенттің қос палатасының ресми мерекелік отырысы болуы мүмкін;

күллі іс-шаралар Қазақстанның негізгі басымдықтарын: тәуелсіздік, азаматтық татулық және ұлтаралық келісім, саяси тұрақтылық, демократияландыру рухын ұстануға тиіс;

бұл орайда артық саясаттандырудан, жалаң-жалпылама ұйымдастырудан барынша аулақ болып, қоғамдық ұйымдардың, жастардың, ҒӨБ-нің бастамасына сүйену керек.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау:

Мерекенің ақпараттық қамтамасыз етілуі ежелгі дәуірден бастап, бүгінгі күнге

дейінгі тәуелсіздік үшін күресті БАҚ-та жан-жақты баяндау болуға тиіс. Тәуелсіздік алудың заңдылығын санада қалыптастыру үшін халықты Қазақстанның көрнекті тарихи тұлғаларының идеясымен, олардың өмір жолымен таныстыру қажет. Ең бастысы, халық республиканың бүгінгі тәуелсіздігінің негізінде көп ғасырлық тарихи дәстүр жатқанын ұғынуға тиіс.

Жұмысты ұйымдастыру кезінде насихаттаудың әсерін арттыру үшін халықтың белгілі бір әлеуметтік жіктері мен топтарына нақты бағытталған, мақсатты ақпараттық-коммуникативтік ықпалды жүзеге асыру қажет.

Насихаттауды ұйымдастыруға айрықша мән беру республика азаматтарының сәйкестігін, олардың Қазақстан қоғамының мүшесі екенін сезінуін қалыптастыруға бағытталуға тиіс.

Насихаттауды қамтамасыз ету жоспарын тұжырымдауда жастарға басты назар аударып, олар үшін қазіргі заманғы РК-технология мен саяси жарнаманы кеңінен қолдану орынды болмақ.

Қ а р ж ы ж әне р е с у р с т а р

Тәуелсіздік күнін өткізу үшін материалдық-техникалық, сондай-ақ ұйымдық сипаттағы күллі мемлекеттік және қоғамдық ресурстар мақсатты түрде іске қосылуы маңызды.

Тұжырымдаманың міндеттерін іске асыру мақсатында іс-шаралар жоспарының жалпыреспубликалық және аймақтық компоненттерін нақты айқындап, қаржыны үнемдеу мақсатында олардың бірін-бірі қайталауына жол бермеу қажет.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

Бұл Тұжырымдаманы іске асырудың нәтижесі, ең алдымен азаматтардың санасында республика тәуелсіздігін нығайтудың үйлесімді және объективті негізін құрайтын демократиялық және либералдық құндылықтардың жүйесін нығайту болуға тиіс, атап айтқанда:

Қазақстан қоғамының өмір сүруінің негізі ретінде мемлекеттің тәуелсіздігі; қоғамды демократияландыру мен либерализациялау; азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сақтау; қазақстандықтардың азаматтық-құқықтық бірлігі мен мәдени ортақтығын дамыту; азаматтық бірегейлік. Қазақстан тәуелсіздігінің тарихи сабақтастығы; тәуелсіздік идеяларын іске асырудың нақты шараларының жүйесі ретінде "Қазақстан-2030" стратегиясын іске асыру.

5. Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі кезеңдері мен бағыттары

1-кезең - дайындық кезеңі (2001 ж. бірінші жартысы)

Мереке күндерінің идеологиясын және оларды өткізудің бірыңғай тәсілдерін жаңа

болмысқа әрі мемлекет алдында тұрған бұл міндеттерден туындаған жағдайларға сәйкес әзірлеу.

Әрбір мерекені өткізудің тұжырымдамасын әзірлеу. Тұжырымдаманың құрылымы м ы н а д а й т ү р д е :

- н е г і з д е м е ;
- мерекенің мақсаты мен міндеттері;
- тұтас алғанда эмблемасы мен нышандары;
- басты жарнама-ұрандары мен ұрандары;
- мерекенің идеялық-көркемдік тұжырымдамасы: мерекенің ой-идеясы, өткізу сценарийі; нышаны (ескерткіштер, ұрандар, бейне- және фонотека, мерекелік безендіру) және рәсімдер (конкурстар, концерттер, карнавалдар, мерекелік отшашулар, көпшілік шаралары, халықтық тойлау, мәдени-көпшілік іс-шаралары және т.б.);
- мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау;
- қ а р ж ы м е н р е с у р с т а р ;
- күтілетін нәтижелер түрінде құрылуға тиіс.

Мереке күндерінің нышанын (ескерткіштердің, жарнама-ұрандардың, эмблемалардың, әндердің және т.б.) әзірлеудің республикалық конкурсын ұ й ы м д а с т ы р у .

Мереке күндерін өткізудің мазмұны мен нысанын айқындау.

Тұжырымдаманың негізінде жалпыреспубликалық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі тиісті Іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасында мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізуді әзірлеу.

Бұқаралық ақпарат құралдарында іс-шаралар жоспарын халыққа жеткізу мен оның негізгі ережелерін насихаттау жөнінде науқан ұйымдастыру.

2-кезең - іске асыру кезеңі (2001-2005 ж.ж. екінші жартысы)

Қазақстан Республикасындағы мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.

Іс-шаралар жоспарын және Тұжырымдаманың тұтас алғанда негізгі ережелерін іске асырудың пәрменділігіне тұрақты мониторинг жүргізу.

Алынған деректерді ескере отырып, Тұжырымдама мен іс-шаралар жоспарына т ү з е т у л е р е н г і з у .

Осы Тұжырымдаманың ережелерін іске асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін көзделіп отыр, ол 2002 жылдың басына белгіленген.

6. Тұжырымдаманы іске асырудың тетігі

Тұжырымдаманың негізінде Қазақстан Республикасындағы мереке күндеріне жалпыреспубликалық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі дайындық пен оларды

өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу. Жоспарда орындаудың кезеңдері мен мерзімдері, жауапты құрылымдары, қаржыландыру көздері айқындалады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында іс-шаралар жоспарын халыққа жеткізу және оның негізгі ережелерін насихаттау жөнінде науқан ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасында мереке күндеріне дайындық пен оларды өткізу жөнінде іс-шаралар жоспарын іске асыру.

Іс-шаралар жоспарын іске асыруға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің бақылауы.

7. Тұжырымдаманы ресурстық қамтамасыз ету

Тұжырымдаманың іс-шараларын жүзеге асыру республикалық және жергілікті бюджет қаржысын, сондай-ақ бюджеттен тыс ресурстарды тарту есебінен көзделген.

Осы мақсатта мынадай шараларды:

республикалық және жергілікті бюджет құрамында олардың әкімшісін нақты айқындай отырып, тиісті бюджеттік бағдарламалар әзірленуге тиіс;

бюджеттен тыс қаржының арнайы қорын құру мүмкіндігін қарап, ықтимал әкімші ретінде Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігін айқындауды көздеу орынды болып табылады.

8. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер

С а я с и с а л а д а :

Қазақстан Республикасында мерекелерге дайындық пен оларды өткізудің бірыңғай тәсілдерін әзірлеу;

мерекелерге дайындық пен оларды өткізудің нақты идеологиялық базасын жасау;

мерекелер аясында тиімді бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;

қазіргі РК-технологиялар негізінде мерекелерді ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету сапасын арттыру;

елдің әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялануы.

Э к о н о м и к а л ы қ с а л а д а :

мерекелерді ресурстық қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілдерін әзірлеу;

мерекелерді өткізуге жұмсалатын бюджеттік және бюджеттік емес қаржыны түзу мен жұмсаудың ашықтығын қамтамасыз ету.

Ә л е у м е т т і к - м ә д е н и с а л а д а :

қоғамның идеялық және рухани-мәдени топтасуын тереңдету;

елдің жалпыұлттық азаматтық бірегейлігін нығайту;

мерекелерге дайындық пен оларды өткізу процесіне халықтың қалың жігін тарту;

мемлекет пен оның институттарына деген қоғамның сенімін нығайту; "Қазақстан-2030" стратегиясының міндеттерін орындауда халықтың белсенділігін арттыру.

9. Қорытынды

Осы Тұжырымдаманың ережелерін іске асыру мерекелерге дайындық пен оларды өткізудің негізгі қағидаттары мен стратегиясының тиімділігінің нәтижелерін олар енгізілгеннен кейін бір жылдан соң талдауды қажет етеді. Бұл үшін әрбір мереке бойынша Іс-шаралар жоспарын әзірлеуді алдын ала талдауға айрықша көңіл бөліп, тұтас алғанда олардың осы Тұжырымдамаға сәйкестігіне және тиісті ескертпелер мен ұсыныстарды тұжырымдауға көңіл бөлу қажет. Бұл - Тұжырымдаманың мазмұнын практикада барынша толық іске асыруға, ұйымдық және материалдық ресурстарды пайдалануға оңтайлы тұрғыдан келуге мүмкіндік береді.

Мерекелерді іс жүзінде өткізудің нәтижелері Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің тиімділігінің мәнін талдауды және әрбір мереке бойынша жеке талдауды қажет етеді. Бұл мақсатта мерекелердің аймақтық және республикалық деңгейдегі мониторингін жүргізу, осы талдаудың негізінде мерекелерге дайындық пен оларды өткізу жөніндегі іс-шараларға түзетулер енгізу қажеттігі көзделуі қажет.

Ақпараттық қайтарым тұрғысындағы орынды әрі оңды қадам қоғамдық ұйымдардың сарапшыларын тартудың, әлеуметтану зерттеулерін жүргізудің негізінде тәуелсіз сараптама ұйымдастыру болар еді. Мұндай жұмыс мерекелерді өткізу жөніндегі ықтимал ресурс резервтерін анықтауға, ұйымдық және қаржы шығындарының оңтайлы өлшемдерін анықтауға, әрбір мерекелік іс-шараға барынша назар аударып, әрі мақсатқа сәйкес өткізуге мүмкіндік береді.

Осы Тұжырымдаманы және әрбір мерекеге дайындық пен оларды өткізу жөніндегі Іс-шаралар жоспарын іске асыруда оларды орталық және жергілікті атқарушы билік органдары жұмысының әлеуметтік, қаржы, идеологиялық бағыттарымен ұйымдық жағынан келісуге айрықша назар аудару қажет. Бұл артық шығыстарды болдырмауға, мемлекеттік органдар мен қоғам жұмысының ырғағына мерекелік іс-шаралардың үйлесімді қосылуына мүмкіндік береді.

Сөйтіп, осы Тұжырымдаманың ережелерін іске асыру қоғамды одан әрі демократияландыруға, оны топтастыруға және "Қазақстан-2030" Стратегиясының міндеттерін орындауды қамтамасыз етуге бағытталған.